

2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендірудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 20 ақпан N 229

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z010273_ Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру ережесі бекітілсін.

2. Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері (бұдан әрі - облыс әкімдері):

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2002 жылға арналған облыстық бюджеттерде осы қаулының 6-тармағына сәйкес алынған несиелер бойынша түсім, өтем және сыйақы көзделген тиісті мәслихаттардың шешімдерін, сондай-ақ жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымды улағыштар, ауыл шаруашылығы машиналары үшін босалқы бөлшектер алуға және ауыл шаруашылығы техникасын жалдауға немесе сатып алуға арнап ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды тапсырсын; <*>

2) жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымды улағыштар, ауыл шаруашылығы машиналары үшін босалқы бөлшектер алуға және ауыл шаруашылығы техникасын жалдауға немесе сатып алуға арнап ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру амалын көздейтін ішкі ережені әзірлесін және бекітсін. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. N 892

қаулысымен. P020892_

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 2002 жылғы 1 наурызға дейін 2002 жылға арналған республикалық бюджетте 46 "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу" бағдарламасы бойынша бекітілген сома шегінде көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу сомаларын облыстар қимасында анықтасын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен облыстардың әкімдеріне жеткізсін.

4. Облыстардың әкімдері 2002 жылға облыстық бюджетте осы қаулының 3-тармағына сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі жеткізген сомалар шегінде

көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу сомасының республикалық бюджеттен түсуін көздерін.

5. Көрсетілген облыстардың әкімдеріне осы қаулының 6-тармағына сәйкес көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіруге арнап республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты қарызға алуына рұқсат етілсін.

6. Осы қаулының 2-тармағын орындаған жағдайда Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі көрсетілген облыстардың әкімдеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға арнап бұл мақсатқа 2002 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне көзделген қаражаттан осы қаулымен бекітілген ережеде белгіленген шарттарда 4 000 000 000 (төрт миллиард) теңге сомасында несие, оның ішінде әкімдерге:

Ақмола облысының	- 837 000 000 теңге;
Ақтөбе облысының	- 152 000 000 теңге;
Алматы облысының	- 230 000 000 теңге;
Шығыс Қазақстан облысының	- 200 000 000 теңге;
Жамбыл облысының	- 110 000 000 теңге;
Батыс Қазақстан облысының	- 160 000 000 теңге;
Қарағанды облысының	- 186 000 000 теңге;
Қостанай облысының	- 900 000 000 теңге;
Қызылорда облысының	- 45 000 000 теңге;
Павлодар облысының	- 200 000 000 теңге;
Солтүстік Қазақстан облысының	- 900 000 000 теңге;
Оңтүстік Қазақстан облысының	- 80 000 000 теңге бөлсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 20 ақпандағы
N 229 қаулысымен
бекітілген

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді
ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру ережесі

1. Осы ереже "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңымен көзделген 212 "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" әкімшісінің 84 "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру" бюджеттік бағдарламасы бойынша 4 000 000 000 (төрт миллиард) теңге сомадағы несиені (бұдан әрі - Несие) беру тәртібі мен шарттарын анықтайды.

2. 4 000 000 000 (төрт миллиард) теңге сомадағы несие жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымды улағыштар, ауыл шаруашылығы машиналары үшін босалқы бөлшектер алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалдауға немесе сатып алуға арнап ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді сыйақының нөлдік ставкасы бойынша одан әрі несиелендіру үшін облыстардың бюджеттеріне қайтарым, төлем, мерзімді және қамтамасыз ету шартымен сыйақы 4,9 пайыз жылдық ставка бойынша 2002 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімге бөлінеді. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. N 892
қаулысымен. P020892_

3. Тиісті облыстардың әкімдері бөлінген Несиенің мақсатты пайдаланылуы мен оның республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әкімдермен тиісті несиелік келісімдер (бұдан әрі - Несиелік келісімдер) жасасады.

5. 84 "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерді несиелендіру" бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен облыстық бюджеттерге несие бөлуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жоспарланған мақсаттарды көрсетілген бағдарламадан бюджет кірісінің жіктелуі " Республикалық бюджеттен несиелер" 601601 кодына тиісті облыстардың облыстық

бюджетіне көрсетілген қаражатты есепке алып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әкімшісі болып белгіленетін жергілікті бюджеттерді несиелендіру тиісті бағдарламаларына аудару жолымен жүзеге асырады.

6. Несиелік келісімдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің тәсілі ретінде облыстар әкімдері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2002 жылдың ішінде қысқартылмайтын тиісті жергілікті бағдарламаларды айқындай отырып, 2002 жылға арналған облыстық бюджеттерде Несие бойынша түсім, өтем және сыйақы төлеу көзделген тиісті мәслихаттардың шешімдерін, сондай-ақ жанар-жағар май материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымды улағыштар, ауыл шаруашылығы машиналары үшін босалқы бөлшектер алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалдауға немесе сатып алуға арнап ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендіру жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды тапсырады. <*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.09. N 892 қаулысымен. P020892_

7. Несие белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындаған тәртіппен өтелмеген қарыз сомасын шығарып алуды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиісті облыстық бюджеттің ағымдағы есеп-шоттары бойынша барлық шығыс операциясын тоқтатып тастайды.

8. Несиенің мақсатты пайдаланылуын бақылауды Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асырады.

9. Несиенің республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

10. Әкімдердің Несиені мақсатсыз пайдаланғаны анықталған жағдайда оларға заңнамамен белгіленген тәртіппен жаза қолданылады.

(РҚАО-ның ескертуі:

K010155_

(2-бөлім, 177-бап).

11. Несиені республикалық бюджетке қайтаруды әкімдер белгіленген мерзімде жүргізеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК